



# Қосылған құн салығы



[www.sodbi.kz](http://www.sodbi.kz)

**СодБи Бизнес-инкубаторы**  
ойдан бизнеске дейін  
Copyright © 2005

## Сұрақтар және жауаптар

### 1) ҚҚС дегеніміз не?

Қосылған құн салығы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өндіру және олардың айналысы процесінде қосылған, оларды өткізу бойынша салық салынатын айналым құнының бір бөлігін бюджетке аударуды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағындағы тауарлар импорты кезіндегі аударымды білдіреді. Салық салынатын айналым бойынша бюджетке төленуге тиісті қосылған құн салығы сатылған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін есептелген қосылған құн салығының сомасы мен алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін төлеуге тиісті қосылған құн салығының сомасы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

### 2) ҚҚС төлеушілер кімдер болып табылады?

Қазақстан Республикасында қосылған құн салығы бойынша есепке тұрған немесе тұруға міндетті тұлғалар:

- дербес кәсіпкерлер,
- мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, басқа заңды тұлғалар,
- Қазақстан Республикасында тұрақты мекемелер арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент еместер,
- қосылған құн салығын дербес төлеуші деп танылған заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері.

Тауарлар импорты кезінде қосылған құн салығын төлеушілер Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес осы тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына импорттайтын тұлғалар болып табылады.

### 3) ҚҚС салу объектісі болып табылатын не?

- Салық салынатын айналым - ҚҚС-нан босатылған айналымнан басқа, Қазақстан Республикасында тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсетулер) сату бойынша айналым жасайтын ҚҚС төлеуші.
- Салық салынатын импорт қосылған құн салығын салу - Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес, декларациялауға жататын, Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін немесе әкелінген (ҚҚС босатылғандардан басқа) тауарлар.

### 4) ҚҚС бойынша қандай жеңілдіктер жүзеге асырылады?

Егер салық кезеңі ағымында, бірақ он екі айдан аспайтын, тауарларды өткізу (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша айналым мөлшерінің қорытындысы бойынша, кезеңнің соңғы айына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 12 000 еселенген шамасын құрайтын, айналымның минимумынан асатын болса, онда ҚҚС бойынша есепке тұрмауға болады.

### 5) ҚҚС бойынша қалай есепке тұрады?

- Тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсетулерді) өткізу бойынша айналымның мөлшері ең төменгі айналымнан асатын болса, салық төлеуші кез-келген кезең



# Қосылған құн салығы

Шағын және орта кәсіпорындарға арналған практикалық ақпарат

---

аяқталған күннен бастап он бес күнтізбелік күннен кешіктірмей қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы салық органына өтініш беруге міндетті.

- Егер қосылған құн салығы бойынша есепке қойылуға жатпайтын, бірақ қосылған құн салығын салуға жататын тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсетулерді) өткізуді жүзеге асыратын немесе жүзеге асыруды жоспарлаған тұлға құн салығы бойынша есепке қою туралы өтінішті салық органына ерікті түрде бере алады.

Қосылған құн салығы бойынша есепке қоюға өтініш берген тұлғалардың ғана есепке қойылған күніндегі тауарлар (негізгі құралдарды қоса алғанда) қалдығы бойынша қосылған құн салығы сомасын есепке жатқызуға құқы бар.

## 6) ҚҚС қандай ставкалар бойынша алынады?

- салық салынатын айналым бойынша және салық салынатын импорт бойынша 15 пайыздық ставка бойынша салық салынады
- түсті және қара металдар сынығының экспортын қоспағанда, экспортқа тауарлар өткізу бойынша және халықаралық тасымалдауларға байланысты атқарылған жұмыстар, көрсетілген қызметтерден нөлдік ставка бойынша салық салынады
- Тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсетулерді) өткізу айналымы, ішінара жарғылық капиталға жарналар, қаржылық қызмет көрсетулер, геозерттеу жұмыстары, финанстық лизингке мүлік өткізу, кейбір тауарларды импорттау, сонымен қатар, шетел валюталарын, дәрі-дәрмектік құрал-жабдықтар мен басқа да тауарларды импорттау, т.б. жағдайлар бойынша айналымдар қосылған құн салығынан босатылады.

## 7) Салық кезеңін қалай анықтауға болады?

- Тоқсан – егер алдыңғы тоқсан үшін бюджетке төленуге тиіс қосылған құн салығының орташа айлық сомасы 1000 айлық есептік көрсеткіштен кем болса, онда салық кезеңі тоқсан болып табылады.
- Күнтізбелік ай – егер ҚҚС-ның сомасы күнтізбелік айда есептелген салық сомасының есебіне жататын 1000 айлық есептік көрсеткіштен асатын болса, қосылған құн салығы бойынша салық кезеңі күнтізбелік ай болып табылады.
- Салық жылы – ауыл шаруашылық өнімін өндіруші заңды тұлғаларға арналған арнаулы салық режимін қолданатын қосымша құн салығын төлеушілер үшін аталған арнаулы салық режимінің күші қолданылатын қызметті жүзеге асырудан бюджетке төленуге тиісті қосымша құн салығы бойынша салық кезеңі салық жылы болып табылады.

## 8) Қосылған құн салығын төлеу тәртібі қандай?

ҚҚС төлеуші қосылған құн салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін мерзімі белгіленген күнге дейін немесе сол күні бюджетке әрбір салық кезеңі үшін салық төлеуге міндетті.

## 9) ҚҚС бойынша декларация тапсыру мерзімі қандай?

ҚҚС бойынша декларация әрбір салық кезеңі аяқталған соң келесі салық кезеңінен кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей тапсырылады.



[www.sodbi.kz](http://www.sodbi.kz)

**СодБи Бизнес-инкубаторы**

ойдан бизнеске дейін  
Copyright © 2005

## Әдебиеттер

Осы құжатты дайындау барысында келесі әдебиеттер пайдаланылды:

1. ҚР Салық Кодексі 01.01.2005ж. жағдайына қарай.

СодБи Бизнес-инкубаторы көрсетілген ақпараттарға қатысты, сонымен қатар, айтылған ақпарат сапасы мен қандай да бір нақты мақсатқа пайдалану үшін пайдалылығының кепілдігін қоса алғанда, ешқандай да кепілдік немесе шарт ұсынбайды. Материалдар тек қана жеке танысу үшін пайдалануға арналған. Материалдарды қайта басу, тарату, көшіру тек СодБи Бизнес-инкубаторының келісімімен ғана жасалады және ешқандай да коммерциялық мақсат көзделмеуі керек.



## СОДБИ Бизнес-Инкубаторының Қызметтері

*Біздің біліктілігімізді өз кәсібилігіңіз үшін қолданыңыз!*

---

### Қызметтер:

- Бухгалтерлік есеп бойынша практикалық кеңес
  - 1 С қолдана отырып кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу
  - Салық есебін құру және тапсыру
  - Қаржыны жоспарлау
- 

*Егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін біздің тренинг-орталығымызбен байланысыңыз.*

*Байланыс адресі:*

*Кеңесші: Луиза Исматуллаева  
«СодБи» Бизнес-инкубаторы  
Жандосов көшесі, 73, 160006 Шымкент  
Тел. +7 (3252) 570378, 512003  
e-mail: [l.ismatullayeva@sodbi.kz](mailto:l.ismatullayeva@sodbi.kz)  
Веб-сайт: [www.sodbi.kz](http://www.sodbi.kz)*

